

Отырар ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 25 мамырдағы № 124 "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Қағидасы туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 31 мамырдағы N 311 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 18 маусымда N 14-9-115 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 14 қазандағы N 375 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2011.10.14 N 375 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 18-1-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылдың 31 наурыздағы № 259 "Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер мен нысаналы даму трансферттерін және республикалық ұйымдарға бөлінетін қаражатты пайдалану ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу қағидасы туралы" Отырар ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 25 мамырдағы № 124 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-9-87 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 3 маусымдағы "Отырар алқабы" газетінің 46-47 санында жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

6-тармақта "еңбек ақы мөлшері" деген сөздері алып тасталсын;

9-тармақ мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"Шартта тараптардың міндеттері, жұмыстың түрлері, көлемі, еңбекақы төлеу мөлшері мен шарттары, әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландырудың мерзімі мен көздері қамтылуға тиіс.";

10-тармақта "қарастыруы тиіс" деген сөздер "қарастырылады" деген сөзбен ауыстырылсын;

14, 15, 17, 18, 19-тармақтары алып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.Сыздықов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК